



**Басқарма Төрағасы — Ректордың  
«Академик Е.А. Бөкетов атындағы Қарағанды  
университеті» КЕАҚ-тың 2022–2023 оқу  
жылындағы қызметі туралы  
ЕСЕБІ**

Қарағанды  
2023

---

## МАЗМҰНЫ

1 «АКАДЕМИК Е.А. БӨКЕТОВ АТЫНДАҒЫ ҚАРАҒАНДЫ УНИВЕРСИТЕТІ» КЕАҚ-ТЫҢ СТРАТЕГИЯЛЫҚ ДАМУ ЖОСПАРЫН ІСКЕ АСЫРУ.....	4
2 БІЛІМ БЕРУ ҚЫЗМЕТІ.....	8
3 ҒЫЛЫМИ-ЗЕРТТЕУ ҚЫЗМЕТІ .....	21
4 БІЛІМ БЕРУДІ ИНТЕРНАЦИОНАЛДАНДЫРУ .....	31
5 АҚПАРАТТЫҚ-ТЕХНИКАЛЫҚ ҚАМТАМАСЫЗ ЕТУ. КІТАПХАНА РЕСУРСТАРЫН ДАМУ.....	40
6 ТӘРБИЕ ЖҰМЫСЫ.....	46
7 ӘКІМШІЛІК-ШАРУАШЫЛЫҚ ҚЫЗМЕТ .....	50

# 1 «АКАДЕМИК Е.А. БӨКЕТОВ АТЫНДАҒЫ ҚАРАҒАНДЫ УНИВЕРСИТЕТІ» КЕАҚ-ТЫҢ СТРАТЕГИЯЛЫҚ ДАМУ ЖОСПАРЫН ІСКЕ АСЫРУ


Жоғары оқу орнының миссиясы, пайымы, стратегиялық мақсаттары мен міндеттері Директорлар кеңесінің 23.12.2020 ж. шешімімен бекітілген университеттің 2020-2025 жылдарға арналған Стратегиялық даму жоспарында айқындалған.

Академик Е.А. Бөкетов атындағы Қарағанды университетінің миссиясы — рухани құндылықтарды сақтау, білімді тарату, үздік білім беру практикалары мен зерттеу бағдарламалары негізінде кадрлар даярлау үшін инновациялық тәсілдерді енгізу.

Пайымы: жаңа тарихи сын-қатерлер жағдайында Қазақстанның инновациялық дамуы мен жаһандық бәсекеге қабілеттілігін қамтамасыз ету үшін педагогикалық және ғылыми кадрларды даярлауға басым бағдарлана отырып, классикалық университеттің көп бейінділігін сақтау.

Стратегиялық мақсаты: «Karaganda Buketov University» брендин әлемдік деңгейдегі университет ретінде ілгерілету.


Академик Е.А. Бөкетов атындағы Қарағанды университетінің маңызды стратегиялық мақсаттарының бірі өзін QS әлемдік рейтингтерінде ілгерілету болып табылады. 2023 жылы 104 елдің 2963 жоғары оқу орны қатысқан QS World Universities Ranking әлемдік рейтингінде біздің университет өз позициясын 851-900 деңгейінде бекітті. Айта кету керек, біздің университет рейтингке қатысқан Қазақстанның жоғары оқу орындары арасында QS WUR рейтингінде ілгерілеудің оң динамикасын көрсеткен жалғыз оқу орыны:



Бұл ретте Е.А. Бөкетов атындағы Қарағанды университеті бірнеше бағыт бойынша өз көрсеткіштерін жақсартты, олардың қатарында жұмыс берушілер арасындағы бедел, интернационалдандыру. Сонымен қатар, QS әлемдік рейтингінде университетті ілгерілету жөніндегі маңызды міндет халықаралық ғылыми ынтымақтастықты кеңейту, Web of Science, Scopus деректер базасына кіретін рецензияланатын ғылыми басылымдарда университет ғалымдары жариялаған мақалалар санын ұлғайту болуы тиіс.

2022-2023 оқу жылында біздің университет QS Asia өңірлік рейтингіне алғаш рет қатысты. Бұл Қазақстанның жоғары оқу орындары үшін түбегейлі жаңа рейтинг, ол жыл сайын Сингапур, Малайзия, Оңтүстік Корея, Қытай және т.б. Азия елдерінің 800-ден астам мықты университеттерін рейтингке шығарады. Бұл рейтингке барлығы 32 қазақстандық ЖОО қатысты. Академик Е.А. Бөкетов атындағы Қарағанды университеті QS Asia рейтингінің нәтижелері бойынша 235-ші орынды иеленді!

2022-2023 оқу жылында Академик Е.А. Бөкетов атындағы Қарағанды университеті алғаш рет QuacquarelliSymonds — QS Stars рейтингтік жүйесіне қатысты. QS Stars бағдарламасының аудит қорытындысы бойынша біздің университет жоғары нәтижеге қол жеткізіп, 4 жұлдызға ие болды. Мұндай жоғары нәтиже бүкіл ұжымның орасан зор жұмысының арқасында мүмкін болды!



2023 жылғы ақпанда Ғылым және жоғары білім министрлігі республиканың жоғары оқу орындарының алдына Times Higher Education әлемдік рейтингіне қатысу міндетін қойды. 2023 жылдың наурыз айында Қарағанды университетін осы әлемдік рейтингке қатысатын жоғары оқу орындарының тізіміне енгізу бойынша жұмыс басталды: рейтинг критерийлеріне сәйкес университеттің ағылшын тіліндегі бейіні толтырылды. Times Higher Education рейтингіндегі басты назар ғылымға және университет ғалымдарының ғылыми жетістіктерін коммерцияландыруға бағытталған. Осыған байланысты алдағы жылға

арналған негізгі міндеттердің бірі ғалымдарымыздың аяқталған қолданбалы ғылыми-зерттеу жұмыстарының жалпы санынан коммерцияланатын жобалардың үлесін ұлғайту; ҒҒТҚН коммерцияландыру жобаларын және қолданбалы ғылыми зерттеулерді жекеменшік бірлесіп қаржыландыруды тарту болуы тиіс.

«Академик Е.А. Бөкетов атындағы Қарағанды университеті» КЕАҚ ұсынатын білім беру қызметтері сапасының ESG халықаралық стандарттарына сәйкестігін ресми растау аккредиттеу болып табылады. 2022-2023 оқу жылында Академик Е.А. Бөкетов атындағы Қарағанды университеті институционалдық қайта аккредиттеу рәсімінен сәтті өтті және алғаш рет Білім берудегі сапаны қамтамасыз ету жөніндегі Тәуелсіз агенттікте (БСҚТА) институционалдық аккредиттеуді ең ұзақ мерзімге — 7 жылға алды! Мұндай мерзім өте жоғары көрсеткіштерді көрсету кезінде ғана бекітіледі.



Беделді аккредиттеу агенттігінің жоғары бағасы біздің университеттің Қазақстанның жетекші көпсалалы жоғары оқу орындарының бірі ретінде танылуын, оның халықаралық және ұлттық стандарттарға сәйкестігін қамтамасыз етті!

EQAR жоғары білім сапасын қамтамасыз ету агенттіктерінің еуропалық тізіліміне кіретін Білім берудегі сапаны қамтамасыз ету жөніндегі Тәуелсіз агенттікте (БСҚТА) (2027 жылғы 30 сәуірге дейін) 2022-2023 оқу жылында 9 білім беру бағдарламасы 5 жыл мерзімге қайта аккредиттеу рәсімінен сәтті өтті.

Есепті жылы тағы 16 білім беру бағдарламасы «ARQA» білім беру сапасын аккредиттеу және сараптау жөніндегі тәуелсіз агенттігі» коммерциялық емес ұйымында және «KAZSEE Қазақстандық заманауи (элиталық) білім беру қауымдастығында» 5 жыл мерзімге бастапқы аккредиттеуден өтіп, 3 (үш) білім беру бағдарламасына инженерлік білім беру сапасының еуропалық белгісі лейблы берілді. (EUR — ACE): 6B07107 — «Робототехни-

ка және мехатроника»; 7M06101 — «Ақпараттық жүйелер және технологиялар»; 7M06102 – «IT-кәсіпкерлік және цифрлық экономика». Бұл белгілі білім беру бағдарламаларына инженерлік білім беруді аккредиттеудің Еуропалық желісінен рұқсат алғаннан кейін ғана беріледі.

Қазіргі уақытта университеттің 152 білім беру бағдарламасында бағдарламалық аккредиттеу бар.



Ғылым және жоғары білім министрлігінің тапсырмасы бойынша университетте орнықты даму мақсаттарын басқару жүйесіне, даму стратегиясына және университет қызметінің негізгі процестеріне интеграциялау басталды. Университетте «Академик Е.А. Бөкетов атындағы Қарағанды университеті» КЕАҚ-тың орнықтыты даму саласындағы саясаты, «Жасыл кеңсе» тұжырымдамасы әзірленді. Келесі қадам университетте «жасыл кеңсе» ашу болуы керек.

Орнықты даму аясында 2022-2023 оқу жылында университет тәуекелдерді басқару жүйесін енгізуді жалғастырды. Қазіргі уақытта тәуекелдерді басқару процесі Buketov University құрылымдық бөлімшелері мен факультеттерінің жұмысына енгізілді; университеттің оқу, ғылыми,

---

тәрбие, мәдени және басқа да қызмет салаларына байланысты тәуекелдерді басқару бойынша жұмыс жүргізілуде.



---

## 2 БІЛІМ БЕРУ ҚЫЗМЕТІ

Есепті кезеңде Академик Е.А. Бөкетов атындағы Қарағанды университетінде білім беру қызметін ұйымдастыру жоспарлы тәртіппен жүзеге асырылды және оқыту үшін оқу-әдістемелік базаны, оның ішінде ҚБТ-ны қолдана отырып әзірлеуге бағытталды. Инновациялық қызметке ерекше назар аударылды, атап айтқанда: Coursera платформасында бірлескен, қос дипломды білім беру бағдарламаларын әзірлеу, дуальды оқыту және әлемдік курстарды зерттеу.

Оқу процесі университет алдында тұрған басымдықтар мен міндеттерді ескере отырып, білім беру саласындағы қолданыстағы заңнама негізінде жүзеге асырылды. Білім беру қызметін реттейтін негізгі ішкі құжат «Академик Е.А. Бөкетов атындағы Қарағанды университеті» КЕАҚ-тың Академиялық саясаты болып табылады. Есепті жылы ҚР жоғары және жоғары оқу орнынан кейінгі білім беру МЖМБС өзгерістеріне байланысты Академиялық саясаттың «Оқу процесі және оқу нәтижелерін бағалау», «Білім алушылардың ғылыми-зерттеу жұмысы» бөлімдеріне, «Академик Е.А. Бөкетов атындағы Қарағанды университетінде магистранттар мен докторанттардың (PhD) ғылыми тағылымдамаларын ұйымдастыру тәртібі туралы Ережеге», «Ауыстырулар және қайта қабылдау, оқудан шығару, академиялық демалыс, экстернат» бөліміне түзетулер мен толықтырулар енгізілді. Білім беру бағдарламасын жобалау және ресімдеу, білім алушыларды қорытынды аттестаттауды ұйымдастыру және өткізу және «Қазақстан тарихы» пәні бойынша мемлекеттік емтихан регламенттері жаңартылды.

Кадрлар даярлаудың маңызды тармақтарының бірі білім беру саласындағы академиялық адалдықты сақтау болып табылады. Оқу сапасын арттыру, сыбайлас жемқорлыққа қарсы іс-қимыл мақсатында 2023 жылғы 19 наурызда университет Академиялық адалдық Лигасына кірді.

### 2.1 Білім алушыларды қабылдау және контингент

Академик Е.А. Бөкетов атындағы Қарағанды университетінде оқыту күндізгі оқу нысаны бойынша, оның ішінде қашықтықтан білім беру технологияларын қолдану арқылы жүргізіледі. 2022-2023 оқу жылында университетке 4111 білім алушы қабылданды, оның ішінде: бакалавриат бағдарламалары бойынша — 3753 адам, магистратура бағдарламалары бойынша — 312, докторантура бағдарламалары бойынша — 46 адам.

2022 жылы қабылданған бакалавриат студенттерінің жалпы саны 2021 жылмен салыстырғанда 375 адамға азайды. Магистратураға қабылдау 106




адамға азайды және 312 адамды құрады (өткен жылы — 418), докторантураға қабылданғаны — 46 адам (өткен жылы — 48). Мемлекеттік білім гранттары иегерлерінің саны 1440 (өткен жылы 1564) құрады. Студенттер арасынан гранттар саны 124 адамға (8 %), магистранттар мен докторанттар арасынан тиісінше 7 (2 %) және 2 адамға (4%) азайды.

***Талапкерлерді оқу деңгейлері, нысандары мен шарттары бойынша қабылдау***

Жыл	2022–2023 оқу жылы	2021–2022 оқу жылы
<b>Бакалавриат, барлығы, оның ішінде:</b>	3753	4128
күндізгі	2769	2859
- ҒжәнеЖБМгранты	1440	1564
- шарт	1329	1295
күндізгі нысан (ҚБТ қолдана отырып)	984	1296
- шарт	984	1296
<b>Магистратура, барлығы, оның ішінде:</b>	312	418
- мемл. тапсырыс	246	273
- шарт	66	145
<b>Докторантура, барлығы, оның ішінде:</b>	46	48
- мемл. тапсырыс	46	48
- шарт	0	0
	4111	4594

Есепті жылы университет оқытушылары белсенді кәсіптік бағдар беру жұмыстарын жүргізді, Жезқазған, Сәтбаев, Балқаш, Қарқаралы, Егіндібұлақ, Нұра, Шет, Ақтоғай, Жаңаарқа, Осакаров аудандарында көшпелі PR және кәсіптік бағдар беру іс-шараларын ұйымдастырды. Ақпараттық-түсіндіру жұмыстары республиканың батыс және оңтүстік өңірлерінде: Ақтау қаласында, Атырау, Маңғыстау, Жамбыл, Түркістан, Қызылорда, Абай облыстарында жүргізілді.







Ақтау қаласында Маңғыстау облысының білім басқармасы білім беру көрмесін ұйымдастырды, оған ҚР ҒжәнеЖБМ Жоғары және жоғары оқу орнынан кейінгі білім комитеті директорының орынбасары Н.П.Сапарходжаев , Ұлттық тестілеу орталығының директоры Р.Т.Емелбаев, еліміздің 42 жетекші жоғары оқу орындарының өкілдері қатысты.





Есепті кезеңде білім алушылар контингенті 13593 адамды құрады. Алдыңғы кезеңмен салыстырғанда білім алушылар контингентінің 901 адамға (6 %) азаюы байқалады.

Оқу деңгейі	2022-2023 оқу жылы			2021-2022 оқу жылы		
	Барлығы	Грант	Ком.	Барлығы	Грант	Ком.
Студенттер	12723	5737	6986	13514	5686	7828
Магистранттар	687	526	161	811	588	223
Докторанттар	183	156	27	169	151	18

Студенттер контингентінде айтарлықтай үлесті «Серпін-2050» бағдарламасы бойынша оқитын студенттер алады. Осы бағдарлама аясында төрт курста 1739 адам оқыды (а. ж. — 1689). Өткен оқу жылында осы бағдарлама бойынша 312 түлек оқуын аяқтады.

## 2.2 Даярлық деңгейлері бойынша білім беру бағдарламалары

Даярлық деңгейі	2022–2023 оқу жылы	Даярлық бағыты
Бакалавриат	95	28
Магистратура	72	24
Докторантура	17	10

МЖМБС жоғары және жоғары оқу орнынан кейінгі білімнің өзгеруіне байланысты оқу жылының соңында білім берудің барлық деңгейлеріндегі білім беру бағдарламаларын жаңарту бойынша жұмыс жүргізілді. Жалпы 95 бакалавриат бағдарламасы, 72 магистратура бағдарламасы, 17 докторантура бағдарламасы жаңартылды. Бұл бағдарламаларға оқыту нәтижелерін нақтылауға, стейкхолдерлер сұранысы бойынша жаңа пәндерді енгізуге, қорытынды аттестаттау кредиттерінің көлемін түзетуге байланысты өзгерістер енгізілді. Ғылыми-зерттеу дағдыларын және ғылым мен білімнің тығыз байланысын қалыптастыру мақсатында бакалавриаттың білім беру бағдарламаларының БҚҰ циклін таңдау компонентіне 5 кредит көлеміндегі «Ғылыми зерттеулер негіздері» пәні енгізілді. Университетте ББ әзірлеу кезінде олар келесі принциптер мен тәсілдерге негізделеді:

- құзыреттілік тәсіл;
- студенттерге бағдарланған тәсіл және белсенді оқытуға ықпал ететін әдістемелер;
- зерттеуге негізделген оқыту;
- пәнаралық оқыту;
- инклюзивті оқыту;
- кәсіби даму және өзгерістерді басқару.

Жаңа және инновациялық білім беру бағдарламаларын жобалау мен сараптауға ерекше назар аударылды. Есепті жылы Академиялық кеңестің бірнеше отырысы осы мәселеге арналды, онда 12 бағдарламаны ашудың өзектілігі мен орындылығы бағаланып, оның 9-ы ұсынылды. Республикалық сараптама нәтижелері бойынша 8 бағдарлама мақұлданды және тізілімге енгізілді:

### **БАКАЛАВРИАТ:**

6B01102 — Қосымша білім беру педагогикасы (жаңа);

6B06105 — Бағдарламалық инженерия (С. Демирель университетімен бірлескен).

### **МАГИСТРАТУРА:**

7M01903 — Логопедия (жаңа);

7M04112 — Басқарушылық және қаржылық талдау (МВА) (М.В.Ломоносов атындағы ММУ-мен қос дипломды);

7M04206 — Құқықтану (жаңа);

7M04207 — Құқықтану (жаңа, 1 жыл);

7M06104 — Ақпараттық жүйелер мен технологиялар (жаңа, 1 жыл).



---

## **ДОКТОРАНТУРА:**

8D05402 — Механика.

Аталған бағдарламалардың кейбірі отандық және шетелдік жоғары оқу орындарымен ынтымақтастықта әзірленді. Сонымен, MBA 7M04112— Басқарушылық және қаржылық талдау инновациялық магистрлік бағдарламасы М.В. Ломоносов атындағы ММУ-мен қос дипломды; 6B06105 — Бағдарламалық инженерия бакалавриат бойынша білім беру бағдарламасы С. Демирель университетімен бірлескен. Соңғысы 3-ші курстан бастап С. Демирель университетінде ағылшын тілінде жүзеге асырылады.

6B01705-Шет тілі: екі шет тілі (ағылшын) ББ — қос дипломды Низами атындағы Ташкент мемлекеттік педагогикалық университетімен бірлескен.

Инновациялық білім беру бағдарламаларын енгізу университеттің бәсекеге қабілеттілігінің негізгі көрсеткіштерінің бірі болуы тиіс.

Өткен оқу жылында факультеттерге университетке шетелдік білім алушыларды тарту мақсатында ағылшын тіліндегі ББ-ын ашу міндеті қойылды. Ағымдағы оқу жылында қолданыстағы үш білім беру бағдарламасына қосымша ағылшын тілінде даярлау 7M04102 — Әлемдік экономика ББ бойынша жүзеге асырылатын болады, ол бір мезгілде Шотландияның Эдинбург қаласындағы Хериот-Уотт (Уатт) Университетінің Бизнес-мектебімен бірлескен білім беру бағдарламасы болып табылады.

Ағымдағы жылы алғаш рет сертификат бере отырып, «Mi-pog» сертификатталған бағдарламасы бойынша қосымша құзыреттерді игерген бакалаврларды шығару және Қарағанды қаласының медицина университетімен «Клиникалық психология» бірлескен білім беру бағдарламасы бойынша түлектерді шығару жүзеге асырылды. 4 магистрант оқуды аяқтап, екінші МИФИ дипломын алды.

2022-2023 оқу жылында университет оқу процесін ұйымдастыруды «Platonus» ақпараттық жүйесіне ауыстырды. Университеттің білім беру ортасына «Platonus» АЖ енгізу процесі біртіндеп жүзеге асырылып, 2021 жылы университеттің цифрлық экожүйесін дамытудың Жол картасына енгізілді.

«Platonus»АЖ-да оқу процесін сәтті іске асыру үшін университет бөлімшелері ПОҚ және университет қызметкерлері, білім берудің барлық деңгейлері мен оқыту нысандарының білім алушыларының толық контингенті бойынша негізгі ақпаратты толтырды, іске асырылатын білім беру бағдарламалары бойынша ББ бойынша оқу жоспарлары толық көлемде енгізілді және үш тілде пәндер каталогы қалыптастырылды, негізгі анықтамалықтар мен құжаттардың шаблондары толтырылды. «Platonus» АЖ базасында электрондық бағалау журналдарын жүргізу, электрондық ведомостарды жүргізу, білім алушылардың барлық оқу жетістіктерін цифрлық қадағалау, тестілеуді өткізу және т. б. іске қосылды.

---

«Platonus» АЖ-ны пайдалану деректердің үлкен массивін цифрлық форматта генерациялауға және өңдеуге, жасалатын операциялардың цифрлық ізін қадағалауға, сондай-ақ ЖБББЖ, ҰБДБ, Білім беру бағдарламаларының тізілімі, ЖБЕК, «Қаржы орталығы» министрлік цифрлық платформаларымен қажетті интеграцияны қамтамасыз етуге мүмкіндік береді.

### 2.3 ҚБТ қолдана отырып оқыту

2019-2020 оқу жылынан бастап университетте 42 білім беру бағдарламасы бойынша ҚБТ қолдана отырып, күндізгі қысқартылған оқу нысанындағы студенттерді қабылдау жүзеге асырылады.

Есепті жылы ҚБТ қолданылатын күндізгі оқу нысанындағы студенттер контингенті 2 428 адамды құрады.

#### *ҚБТ қолданылатын күндізгі оқу нысанындағы студенттер контингенті*

Бакалавриат	2022–2023 оқу жылы
1-курс	949
2-курс	1019
3-курс	460

Университеттің Академиялық саясатында ҚБТ қолдана отырып оқу процесін ұйымдастыруға ерекше назар аударылады: ҚБТ ерекшелігі, университетте қолданылатын форматтар, IDL платформасы және оның базалық модульдері көрсетілген.

ҚР БҒМ 03.11.2021 ж. № 137 бұйрығының 2-тарауының 7-тармағына сәйкес университет Интернет арқылы нақты уақыт режимінде, оның ішінде бұрын жазылған бейне дәрістерді қолдана отырып, білім, дағдылар мен құзыреттер алуға мүмкіндік беретін онлайн-курсты қамтамасыз етеді. Ол үшін 2022-2023 оқу жылына арналған ҚБТ қолдана отырып білім беру бағдарламаларының оқу бейне контентін дайындау бойынша жыл сайынғы Жоспар әзірленіп, іске асырылды. Бүгінгі таңда ProductionStudio және университеттің оқу зертханасы базасында білім беру бағдарламалары бойынша 147 бейнедәріс жазылды. Барлық бейнедәрістер <https://idl.buketov.edu.kz> қашықтықтан білім беру порталында білім алушылардың жеке кабинетінде орналастырылған.

Білім алушыларды аралық аттестаттауды ұйымдастыру шеңберінде, оның ішінде академиялық ұтқырлық бағдарламалары бойынша бағытталған 1-ші семестрдің қорытынды бақылауы ProctorEdu прокторингімен сүйемелденді.



## 2.4 Білім беру бағдарламаларын кадрлық қамтамасыз ету

2022 жылы профессор-оқытушылар құрамының жалпы саны 1124 адамды құрады, оның ішінде штаттық оқытушылар саны — 917, бұл 2021 жылмен салыстырғанда 45 адамға көп. Аталған көрсеткіш университеттің қажеттіліктеріне толық сәйкес келеді.

2022 жылы штаттық ПОҚ үлесі жалпы санынан 82%-ды құрады. Есепті кезеңде кадрлар даярлауда тәжірибеге бағдарланған құрамдас бөлікті кеңейту мақсатында қоса атқарушылар ретінде тәжірибелік жұмыс өтілі бар жетекші ғалымдар мен өндіріс мамандары тартылды (Қарағанды облыстық соты, Қарағанды қаласы Қазыбек би ауданының № 2 аудандық соты, Қарағанды облысының «Атамекен» Кәсіпкерлер Палатасы, «QazTehna» ЖШС, «NBK-A» ЖШС, «Эксперт-Гарант К» ЖШС, ҚР Органикалық синтез және көмір химиясы институты, «Фитохимия» халықаралық ғылыми-өндірістік холдингі» АҚ, К.С. Станиславский атындағы орыс драма театры, Қ. Байжанов атындағы Қарағанды концерттік бірлестігі, Теміржолшылар мәдениет сарайы, «Оқушылар сарайы» КМҚК, «Saryarqaqparat» ЖШС, «Қазтелерадио» АҚ, «Қарағанды облыстық тарихи-өлкетану мұражайы» КМҚК, «Қазақтелеком» АҚ, «№ 2 Қарағанды автобус паркі» ЖШС, және т.б.).

2022-2023 оқу жылында педагогикалық жүктемені 63 ғылым докторы, 290 ғылым кандидаты, 108 PhD философия докторы жүзеге асырды, ғылыми дәрежелері бар ПОҚ үлесі 50,3%-ды құрады. Есепті кезеңде ғылым магистрі академиялық дәрежесі бар 437 оқытушы немесе университеттің барлық профессор-оқытушылар құрамының 48%-ы жұмыс атқарды.

Өткен оқу жылымен салыстырғанда PhD философия докторларының саны 18 адамға артты.

Есепті кезеңде профессор-оқытушылар құрамының орташа жасы 45 жасты, ғылыми дәрежелері мен атақтары барлары 54 жасты құрады.

Көрсеткіштер	2021-2022 оқу жылы	2022-2023 оқу жылы
ПОҚ саны	1031	1124
Оның ішінде штаттық	872 (84,6 %)	917 (81,6%)
Ғылыми дәрежелері барлары	428 (49,08)	461 (50,3)
PhD дәрежесі барлары	90	108
Магистр дәрежесі барлары	418	437
ПОҚ-тың орташа жасы / ғылыми дәрежелері барлары	45/53	45/54

## 2.5 Университет білім алушыларының «Coursera» платформасында әлемдік курстардан өтуі

2022-2023 оқу жылында ҚР Ғылым және жоғары білім министрлігінің бастамасымен Қазақстанның жетекші жоғары оқу орындарында білім алушылар үшін әлемдік курстарды оқшаулау туралы «Coursera» компаниясымен меморандумға қол қойылды. Бүгінде бұл курстар 25 өңірлік университеттің 20 000 қазақстандық студенттеріне қолжетімді. Біздің университет 25 өңірлік және ұлттық жоғары оқу орындары арасында көшбасшылық позицияға ие болды (3-ші орын). Ағымдағы жылдың 10 маусымында «Astana IT University» базасында «Coursera» компаниясының бас атқарушы директоры Джефф Маджонкальдтың қатысуымен «Coursera» жобасына қатысушы 25 университеттің үздік студенттерімен кездесу өтті. Марапаттау рәсіміне педагогика факультетінің 1-курс магистранты Айгерим Калабаева ұсынылып, бір кезеңде 27-ден астам курсты игергені үшін сертификат алды.

Университетке 1500 лицензия берілді. Қазіргі уақытта білім алушылар үшін қазақ және орыс тілдеріндегі 100 басым курс қолжетімді.

Лек	Өту кезеңдері	Білім алушылар саны	Білім алушылардың жазылған курстарының саны	Білім алушылардың меңгерген курстарының саны
1	21.02.2023 ж. бастап 21.05.2023 ж. дейін	1500	501 (80 қаз. және орыс тілдерінде, 421 ағылш. тілінде)	2162
2	01.06.2023 ж. бастап 31.08.2023 ж. дейін	1500	432 (62 қаз. және орыс тілдерінде, 370 ағылш. тілінде)	1987
3	20.09.2023 ж. бастап 15.12.2023 ж. дейін	1500	Жазылу кезеңінде	-

Келесі кестеде факультеттер бөлінісінде 1500 лицензияның бөлінуі көрсетілген:

№ р/с	Факультет	Бірінші лекке білім алушылар саны (21.02.2023 ж. бастап 21.05.2023 ж. дейін)	Екінші лекке білім алушылар саны (01.06.2023 ж. бастап 31.08.2023 ж. дейін)	Үшінші лекке білім алушылар саны (20.09.2023 ж. бастап 15.12.2023 ж. дейін)
1	2	3	4	5

1	Биология-география	188	151	101
2	Шет тілдер	72	250	290
3	Тарих	58	87	99
4	Математика және ақпараттық технологиялар	288	144	153
5	Педагогика	92	171	154
6	Физика-техникалық	114	141	82
1	2	3	4	5
7	Филология	59	102	128
8	Философия және психология	30	100	101
9	Химия	207	77	92
10	Экономика	355	15	43
11	Заң	37	98	103
12	Дене шынықтыру және спорт	0	164	154
Жиыны		1500	1500	1500

Игерілген құзыреттерді білім алушылар өздерінің әрі қарайғы кәсіби қызметінде пайдалана алады.

## 2.6 Пәндік олимпиадаларға қатысу

Университетте білім алушылардың пәндік олимпиадалар мен конкурстарға қатысуына үлкен көңіл бөлінеді. Жыл сайын университеттің студенттік командалары Қазақстан мен таяу шет елдердің жетекші жоғары оқу орындарында өткізілетін республикалық және халықаралық пәндік олимпиадаларда жүлделі орындарға ие болады.

### *Республикалық және халықаралық пәндік олимпиадаларға қатысудың нәтижелілігі*

Иеленген орын	2022-2023 оқу жылындағы жекелей және командалық есепте иеленген орындар саны
1-ші	16
2-ші	35
3-ші	41

6B07201 — Фармацевтикалық өндіріс технологиясы, 6B01502.1 — Математика-Физика, 6B11101 — Туризм, 6B01402 — Бастапқы әскери және дене даярлығы бағдарламалары бойынша жекелей біріншілікте бірінші орын алған студенттердің жетістіктерін ерекше атап өткен жөн. 6B11102 — Мәдени-тынығу жұмысы, 6B01701 — Қазақ тілі мен әдебиеті, 6B04112 — Әлемдік экономика, 6B11101 — Туризм, 6B01402 — Бастапқы әскери және

---

дене даярлығы, 6B02301 — Аударма ісі, 6B01705 — Шет тілі: екі шет тілі (ағылшын), 6B04201 — Құқықтану, 6B04204 — Сот және прокурорлық қызмет, 6B04203 — Халықаралық құқық ББ студенттері команда сапында жеңімпаз атанды.

Республикалық және Халықаралық пәндік олимпиадаларда жүлделі орындар саны бойынша (1-3) шет тілдер факультетінің, экономика, заң, педагогика, биология-география факультеттерінің, математика және ақпараттық технологиялар факультетінің студенттері көшбасшы болып табылады.

Есепті жылы ие болған 80-нен астам жүлделі орын — бұл, университетте білім алушылар алатын білімнің жоғары сапасын растайтын көрсеткіштердің бірі.

## **2.7 Практика және жұмысқа орналасу**

Бүгінгі таңда қазіргі қоғам жоғары оқу орны түлектерінің кәсіби құзыреттілігіне айтарлықтай талаптар қояды. Болашақ мамандар жоғары оқу орнында оқу процесінде болашақ кәсіби қызметті табысты жүзеге асыру үшін қажетті білім, дағдылар мен біліктерді игеріп қана қоймай, сонымен бірге бойында бар қабілеттерін дамытып, болашақ мамандық үшін маңызды жаңа сапаларды қалыптастыруы керек. Бұл жерде кәсіби практика да маңызды рөл атқарады.

2022-2023 есепті оқу жылында практика базаларымен 80 шарт жасалды. Кәсіптік практика базаларын кеңейту үшін қосымша 35 шартқа қол қойылды («Қазақ ұлттық қыздар педагогикалық университеті» КЕАҚ (Алматы қ.), «А. Байтұрсынов атындағы Қостанай өңірлік университеті» КЕАҚ (Қостанай қ.), «Торайғыров университеті» КЕАҚ (Павлодар қ.), мектептер, лицейлер, өнеркәсіптік кәсіпорындар, ұйымдар және т.б.).

Тарих факультеті студенттерінің археологиялық практикасы Шет ауданының Нұраталды және Ақшоқы ауылдық округтерінде, биология-география факультеті студенттерінің далалық практикасы — Қарқаралы қаласының базасында және Қапшағай қаласының оқу базасында өтті.





«Қазақ ұлттық қыздар педагогикалық университеті» КЕАҚ шақыруымен студенттер Алматы қаласының аумақтық жүйесінің объектілері бойынша экспедицияға қатысып, Іле-Алатау ұлттық табиғи паркі, ҚР Мемлекеттік мұражайы, Алтын адам мұражайы, Сақ қорғандары, Шарын ұлттық паркі және Көлсай көлдері бойынша танымдық маршруттар әзірледі.



---

2023-2024 оқу жылында оқу практикасының географиясын кеңейту жо-спарлануда: Үргеніш мемлекеттік университетінің (Өзбекстан) биология кафедрасымен келісім жасасу бойынша жұмыс басталды.

2022-2023 оқу жылында студенттердің мансаптық құзыреттілігін қалыптастыру үшін 50-ден астам түрлі форматтағы іс-шаралар ұйымдастырылып, өткізілді. Бұлар Мансап күндері, апталық қарқындылық, Бос орындар жәрмеңкелері, ірі кәсіпорындардың, мемлекеттік мекемелердің өкілдерімен кездесулер, кәсіпорындарға экскурсиялар, мансаптық құзыреттілікті қалыптастыру бойынша тренингтер (түйіндеме толтыру, сұхбат-тасу және т.б.).

2023 жылғы 7 сәуірде Бос орындар жәрмеңкесі өткізілді, оған 60 жұмыс беруші ұйым, 12 факультеттің 1400-ден астам студенті қатысты.

24 сәуірде студенттердің Мәдениет сарайында «Қаржы орталығы» АҚ менеджері Ж.Ибраеваның 1-4 курс білім алушыларымен кездесуі өтті, оларға білім беру грантын міндетті түрде өтеп шығу мәселелері түсіндірілді.

1-15 маусым аралығында мемлекеттік тапсырыс бойынша оқыған бакалавриат, магистратура, докторантура түлектерін дербес бөлу жөніндегі комиссия жұмыс істеді. Жұмысқа орналасу көрсеткіші 84,8%-ды құрады.

## **2.8 Білім алушылар мен қызметкерлерге қызмет көрсету орталығы**

Есепті кезеңде білім алушылар мен қызметкерлерге қызмет көрсету орталығы (БҚҚКО) онлайн көрсетілетін қызметтер спектрін ұлғайтты.

2022-2023 оқу жылында БҚҚКО студенттің оқу дерегін растайтын 27 534 электрондық анықтама берді.

Білім алушылар мен қызметкерлерге ID-карталар беру және пайдалану бойынша жұмыс жалғасуда. 5 корпуста және барлық Студенттер үйлерінде турникеттер орнатылған, онда кіру тек ID-карталар болған жағдайда ғана мүмкін болады. Карта жоғалған жағдайда білім алушы телнұсқа дайындауға онлайн-өтінім бере алады. Есепті кезеңде 1000-нан астам телнұсқа карталар жасалды. 1-курс студенттері проактивті режимде (көрсетілетін қызметті алушының өтінімінсіз) ID-карталарын алды.

«Жұмысқа жолдама» қызметі өзгертілді. 2023 жылдың мамырында барлық түлектер БҚҚКО-ның жеке кабинетінде жұмысқа жолдама алды және түлектің негізгі карточкасын өзектендіруге, жолдамаға және онлайн-режимде жолдама алу туралы қолхатқа қол қоюға мүмкіндік алды (бұған дейін түлек жолдаманы жазбаша түрде алу туралы қолхатқа қол қойған).



Құжаттың бірегей нөмірі / Уникальный номер документа: 202308492  
 КЕАК "Академик Е.А. Бөкетов атындағы Қарағанды университеті"  
 НАО "Қарағандиский университет имени академика Е.А.Букетова"  
 Қарағанды қ. / г. Караганда  
 100024, г.Караганда, ул. Университетская, 28



Құжаттың бірегей нөмірі / Уникальный номер документа: 202308492  
 КЕАК "Академик Е.А. Бөкетов атындағы Қарағанды университеті"  
 НАО "Қарағандиский университет имени академика Е.А.Букетова"  
 01.06.2023 № 202308492  
 Қарағанды қ. / г. Караганда  
 100024, г.Караганда, ул. Университетская, 28

**Жұмысқа жоллама**  
**Направление на работу**

**МІНДЕТТЕМЕ**  
 білім беру саласындағы уәкілетті органдың сенім бітірілген агенті "Қаржы орталығы" АҚ алдындағы жас маманның міндеттемесі

Оқу бітіруші түлек/выпускник (ша) / жасы туған / г.р.  
 «Е. А. Бөкетов атындағы Қарағанды университеті» КЕАК «6B05102-Биотехнология» командасы бойынша білім алды.  
 Обучившийся в НАО «Карагандинский университет имени Е.А.Букетова» по специальности «6B05102 Биотехнология».  
 Перечислено: бөлу жөніндегі комиссияның 2023 жылғы «01» маусым №1 шешімінің негізінде облысы: Қарағандиский, г. Қараганда, орналасқан АО ИП Эфес Казахстан, специалист.  
 На основании решения Комиссии по персональному распределению от «01» июня 2023 г. протокол №1 направляется на работу в АО ИП Эфес Казахстан, специалист, расположенный(ое) в Карагандинская область, г. Караганда.  
 КБҚО берді / Выдано ЦООС, тел.(7212) 79-39-96  
 «01» июня 2023 г.  
 «Оқу құралы» - электрондық құрал және электрондық цифрлық қолтабыс туралы - Қазақстан Республикасының 2003 жылғы 7 қаңтарында № 270-ІІ Заңы  
 7-бабының 1 тармағына сәйкес қысқаштағы құжатты білдіреді.  
 Данный документ согласно пункту 1 статьи 7 Закона от 7 января 2003 года №270-ІІ «Об электронном документе и электронной цифровой подписи» равнозначен документу на бумажном носителе.

**МІНДЕТТЕНЕМІН:**  
 1. Бөлу орны бойынша 2023 жылдың 15 тамыздан кешіктірмей мерзімінде келу;  
 2. Жұмыспен қамту орталығында бөлу / тіркеу / жұмысқа жіберу еңбек орны бойынша бос орин болмаған жағдайда, дереу "Қаржы орталығы"АҚ-на хабарлауға;  
 3. Мекен-жайы / тұратын жері / жұмысы / сауалнама деректері өзгерген жағдайда (Т. А. Ә.) "Қаржы орталығы" АҚ-на үш күн мерзімде: 010000, Астана қ., Мәңгілік Ел даңғылы, 18-үй, тел/факс мекенжайы бойынша хабарласуға. 8 /7172/ 69-50-32, 69-50-56, 69-50-57, 69-50-58, e-mail: fincenter@fincenter.kz

**ОБЯЗАТЕЛЬСТВО**  
 молодого специалиста перед поверенным агентом уполномоченного органа в области образования АО «Финансовый Центр»

**ОБЯЗУЮСЬ:**  
 1. Явиться по месту распределения в срок не позднее 15 августа 2023 года;  
 2. В случае отсутствия вакансии по месту распределения / регистрации в Центре занятости/направления на работу/самостоятельного трудоустройства, незамедлительно сообщить в АО «Финансовый центр»;  
 3. В случае изменения адреса / места жительства / работы / анкетных данных (Ф.И.О.) сообщить в АО «Финансовый центр» в трехдневный срок по адресу: 010000, г. Астана, пр. Мәңгілік Ел, д. 18, тел/факс: 8 /7172/ 69-50-32, 69-50-56, 69-50-57, 69-50-58, e-mail: fincenter@fincenter.kz

От: \_\_\_\_\_ 32 жылы туған / г.р.  
 ЖСН / ИИН: 0  
 Тұрақты тіркеу орны / Место постоянной прописки: Казахстан, Карагандинский Казыбек би г. Караганда, ул.Степной б  
 Телефон: + \_\_\_\_\_  
 Эл.мекен-жайы / Эл.адрес: irina.ungefuk@mail.ru

[1811-  
 УНГЕ  
 ИНО2



.....(линия отрыва)\*.....

Мен, \_\_\_\_\_ А.Бөкетов атындағы Қарағанды университетінің түлегі АО ИП Эфес Казахстан, специалист ретінде, Орналасқан облысы: Қарагандинская, г. Қараганда жұмысқа жоллама алғанымды растаймын.

Я, \_\_\_\_\_ являющийся выпускником НАО «Карагандинский университет имени Е.А.Букетова», подтверждаю получение мною направления на работу в АС ИП Эфес Казахстан, расположенный(ое) в Карагандинская область, г. Караганда, на должность специалист.

01.06.2023г.  
 \*Подпись для АО «Финансовый центр» МЭИ РР

**Білім алушы/ Обучающийся:** \_\_\_\_\_ **Білім беру ұйымы/Организация образования:** \_\_\_\_\_

ТАӨ/ФИН/ \_\_\_\_\_ «Академик Е.А. Бөкетов атындағы Қарағанды университеті» КЕАК/НАО «Карагандинский университет имени академика Е.А. Букетова»

Е-пошта / электронный почтовый адрес: \_\_\_\_\_ электрондық пошта/электронная почта: office@buketov.edu.kz

Телефон: \_\_\_\_\_ мекенжайы/адрес: 100024, Караганда қ., Университетт к-сі, 28-құрылыс/100024, г. Караганда, ул. Университетская, стр-28

**Білім алушының қолы/Подпись обучающегося:** \_\_\_\_\_ **Комиссия төрағасы / Председатель Комиссии** \_\_\_\_\_

01.06.2023г. BIN990540002444 9bc883



01.06.2023г.



## 3 ҒЫЛЫМИ-ЗЕРТТЕУ ҚЫЗМЕТІ

Университеттің өзекті міндеттерінің бірі — жүргізіліп жатқан ғылыми зерттеулерді дамыту және жан-жақты қолдау.

Университетте ғылыми зерттеулерге университетішілік гранттарды іске асырудың оң тәжірибесі қалыптасқан, университет тарапынан бөлініп отырған қаражат айқын көрінетін халықаралық жарияланым әлеуетіне ие, инновацияның жоғары дәрежесі, жаңалығы мен өзектілігі бар университет ғалымдарының перспективалық ғылыми зерттеулерін қолдауға деген жанашырлық болып табылады.

2022 жылы жалпы сомасы 51,1 млн. теңгеге 17 жоба (оның ішінде жас ғалымдардың 5 жобасы) қаржыландырылды. Жұмыс қорытындысы бойынша жобаларға қатысушылар 6 монография мен жинақтар, 3 оқулық шығарды, 103 мақала жариялады, оның ішінде Scopus және Web of Science-де — 12, өнертабысқа патент пен авторлық куәлік алды, ғылыми және ғылыми-техникалық жобалар бойынша гранттық қаржыландыру конкурсына 9 өтінім берді, оның 6-ын Ұлттық ғылыми кеңес қаржыландыруға ұсынды. «Macmillan» ірі баспа үйлерінің бірінде (<https://link.springer.com>) жоғары оқу орны ішілік грант нәтижесі бойынша жазылған ағылшын тіліндегі «TheFamineof 1931 — 1933 inCentralKazakhstan (CollectionofArchivalDocumentsandMemoirs)» атты кітап жарық көрді.

**Реализации внутривузовских грантов  
на научные исследования**

palgrave macmillan SPRINGER NATURE

Конкурстың басты критерийі жобалық жұмыстардың өзектілігі және олардың жоғары оқу орыны үшін де, өңір үшін де практикалық құндылығы болды.

Ағымдағы 2023 жылы жалпы сомасы 57,6 млн теңгеге 17 жобаны, оның ішінде «Ғылымдағы жаңа есім» атты университеттің жас ғалымдарының 5 жобасын іске асыруға жоғары оқу орны ішілік гранттар бөлінді. Конкурстық іріктеуді ғалымдардың өздері «Ғалымдар клубы» және «Жас ғалымдар кеңесі» университеттік қоғамдық бірлестіктер арқылы жүргізді.

Ғалымдардың зерттеу нәтижелері «Идеядан іске асыруға» материалдар жинағында толығырақ баяндалған (ред. басқ. Н.О. Дулатбеков — Қарағанды, 2023).

Қауымдастырылған профессор А.К. Тусупбекованың жетекшілігімен әртүрлі орындалатын функцияларды теңшеу мүмкіндігімен дыбыстық ақпаратты ойнатудың әмбебап микроконтроллерлік құрылғылары әзірленіп, жасалды.

Университет аумағында 2023 жылғы 26 маусымда «Күйшілер аллеясы» музыкалық аллеясының ашылуы өтті. Барлығы аллеяда музыкалық құрылғылары бар 17 орындық орнатылды, олар адам жақындаған кезде автоматты түрде іске қосылады. Танымал ұлттық әнші-композиторлардың әуендерін тыңдап, тамашалауға болады.

### «Күйшілер аллеясы»



Университетшілік гранттарды әзірлеу тәжірибесі ғалымдарға гранттық және шаруашылық шарттық қаржыландыруға арналған республикалық конкурстарға сәтті қатысуға көмектесті.

Осы ҰҒК конкурстарының қорытындысы бойынша ағымдағы жылы ғалымдардың 23 жобасы, оның ішінде 3 жас ғалым жобасы, 2 постдокторант жобасы және 18 ғылыми-техникалық жоба мақұлданды. Әлеуметтік-гуманитарлық факультеттердің 9 зерттеуі ғылыми жобалардың жоғары деңгейін көрсетті.

Ғылыми жобалардың жоғары деңгейін әлеуметтік-гуманитарлық факультеттердің 13 зерттеуінің өкілдері көрсетті. Олар: шет тілдері факультеті, филология, тарих, педагогика, заң факультеттері.

Зерттеулер негізінен жалпы және инклюзивті білім беру, энергетика, археология, жаңа материалдар мен инновациялық технологияларды құру, табиғи ресурстарды ұтымды пайдалану, ақпараттық және коммуникациялық технологиялар, өмір және денсаулық туралы ғылым, әлеуметтік, гуманитарлық және жаратылыстану ғылымдары саласындағы проблемаларға және т.б. мәселелерге арналған.



Жоғары оқу орны зерттеулерінің ірі сыртқы тапсырыс берушілері «Қазақмыс корпорациясы» ЖШС, «ERG ғылыми-зерттеу инжинирингтік орталығы» ЖШС, «Clean Field Kazakhstan» ЖШС, «Ұлттық биотехнология орталығы» ЖШС және т.б. компаниялар болып табылады. Мәселен, «Ұлттық биотехнология орталығы» ЖШС тапсырысы бойынша ботаника, молекулалық генетика және биоинформатиканың заманауи әдістерін пайдалана отырып, Қазақстанның тамырлы өсімдіктерінің әртүрлілігінің қазіргі жай-күйін зерделеу бойынша жұмыстар жүргізілуде. Химия факультетінің ғалымдары «Clean Field Kazakhstan» ЖШС үшін бастапқы материал мен алынған өнімдерге физика-химиялық талдау отырып, мұнай өнімдерін


ультрадыбыстық өңдеу бойынша жұмыстар жүргізуде. Іргелі, қолданбалы және инновациялық зерттеулердің сапасын арттыру университеттің имиджін жақсартуға, оның рейтингін көтеруге мүмкіндік береді.

Соңғы төрт жылда университет зерттеушілері жалпы сомасы 2,9 млрд теңгеге 300-ден астам қаржыландырылатын жобаны іске асырды.




Академик Е.А. Бөкетов атындағы Қарағанды университеті өңірлік жоғары оқу орындары арасында жариялау белсенділігі бойынша көшбасшы болып табылады. Университет ғалымдары жарияланымдарының жартысы бірінші-үшінші квартильдің журналдарындағы жарияланымдарға тиесілі.





Зерттеу нәтижелері шетелдік ғалымдар сілтеме жасаған жоғары рейтингтік басылымдарда жарияланады. 2023 жылғы 1-ші жартыжылдықта халықаралық базаларда ғылыми жарияланымдардың дәйексөздерінің орташа саны 3,3-ті құрады.

Отандық ғылымды тиімді дамытудың қажетті шарты қазақстандық ғалымдардың ғылыми зерттеулерінің нәтижелерін танымал ету және оларды әлемдік ғылыми қоғамдастыққа ықпалдастыру болып табылады. Академик Е.А. Бөкетов атындағы Қарағанды университетінің ғылыми басылымдарына 10 ғылыми журнал кіреді: «Қарағанды университетінің Хабаршысы» журналының 9 сериясы және «EurasianPhysicalTechnical Journal».



Университеттің барлық журналдары ғылыми қызметтің негізгі нәтижелерін жариялау үшін Ғылым және жоғары білім саласындағы сапаны қамтамасыз ету комитеті ұсынатын басылымдар тізіміне кіреді.


2022 жылдың қорытындысы бойынша «Қарағанды университетінің хабаршысы. «Математика» сериясы Scopus-та индекстеле бастады. Scopus дерекқорындағы журналды индекстеу оның әлемдік стандарттарға сәйкестігін растайды және журналдың редакциялық алқасы мен бүкіл университеттің маңызды жетістігі болып табылады. Сондай-ақ, Bulletin of the Karaganda University – Mathematics журналда жарияланған мақалалардың жоғары рейтингін көрсететін Scopus базасы бойынша 35 процентильге ие екенін атап өткен жөн.

Осылайша, Scopus және Web of Science базаларында Академик Е.А. Бөкетов атындағы Қарағанды университетінің 6 журналы индекстеледі.

Негізгі басты міндеттердің бірі - ғылыми кадрларды даярлау. 2022 жылы Академик Е.А. Бөкетов атындағы Қарағанды университетінің базасында қорғаған PhD докторларына алғаш рет жеке үлгідегі 27 диплом және 2023 жылдың бірінші жартыжылдығында 16 диплом табыс етілді. Бұл Академик Е.А. Бөкетов атындағы Қарағанды университетінің докторантурасында оқыған 30 әріптес, Л.Н. Гумилев атындағы Еуразия ұлттық университетінде оқыған 12 адам және М.Х. Дулати атындағы Тараз өңірлік университетінде білім алған 1 адам.



## Вручение дипломов докторам PhD



Жоғары оқу орнында студенттердің стартап-идеяларын қалыптастыру және іске асыру үшін барлық жағдайлар жасалған.

2023 жылғы 27-28 сәуірде Астана қаласында Студенттік кәсіпкерліктің, инновациялардың және Enactus Kazakhstan National EXPO 2023 стартапының Ұлттық жарыстары өтіп, онда Enactus Buketov University командасы

---

Қазақстанның 50 жоғары оқу орындарының командалары арасында 1-ші жүлделі орынға ие болды және ҰЛТТЫҚ ЧЕМПИОНДАР атағын алды!

Ұлттық жарыстардың жеңімпазы атанған Enactus Buketov University командасы Нидерландының Утрехт қаласында өтетін Enactus World Cup 2023 әлемдік кубогында Қазақстанның намысын қорғайтын болады!



### **Баспа қызметі**

Университеттің баспа қызметі аясында есепті жылы оқу және ғылыми басылымдарды шығару, сондай-ақ университет түлектеріне диплом дайындау бойынша үлкен жұмыс жүргізілді.

Өзінің материалдық-техникалық базасы негізінде университет рәміздері бар дипломдардың 3500-ге жуық қатты мұқабалары дайындалды, сондай-ақ университет түлектеріне арналған дипломдар жиынтығы (диплом, қосымша, Supplement) басып шығарылды.





Университеттік іс-шараларды өткізу үшін тақырыптық баспа өнімдері шығарылды.




«Академик Е.А. Бөкетов атындағы Қарағанды университеті» КЕАҚ-тың оқу және ғылыми әдебиеттерін басып шығару және коммерциялық тарту туралы Ережеге сәйкес университет оқытушыларының оқу және ғылыми басылымдары университет есебінен басылып, Ғылым департаменті арқылы бөгде ұйымдардың өтінімдері бойынша сатылуда.

Оның ішінде:

- **Физикалық терминдердің орысша-қазақша-ағылшынша сөздігі.** Авторлары: Ж.С.Акылбаев, М.С.Курманов, Б.Р.Нусупбеков, А.К.Китибаева
- **1920–1950 жж. Орталық Қазақстандағы репрессиялар. Мұрағат құжаттарының жинағы = Репрессии в Центральном Казахстане в 1920–1950 гг. Сборник архивных документов.** Құрастырушылар: Д.А.Джумабеков, С.В.Елеуханова, В.В.Козина және т.б.






Ақпараттық технологиялар және телекоммуникациялар орталығымен бірлесіп «Дайын өнімді қоймалық есепке алу» бағдарламасы әзірленіп, іске қосылды; дерекқорға дайын өнімнің болуы мен қозғалысы туралы мәліметтер енгізілді.

***Баспаның өндірістік қуаты  
2022-2023 оқу жылында: 133 050,78 б. т. құрады.***

Түрі	Атауы	Саны	Көлемі, б.т.
<b>Ғылыми</b>	<b>Жиыны</b>	<b>70</b>	<b>53247,48</b>
	Конференциялар, дөңгелек үстелдер материалдары	11	6487,52
	Конференциялар бағдарламалары	4	70,85
	Ғылыми еңбектер жинақтары	5	17691,8
	Монографиялар	9	4188,46
	Ғылыми журналдар	40	18816,85
	Сөздіктер	1	5992,0
<b>Оқу</b>	<b>Жиыны</b>	<b>37</b>	<b>13933,32</b>
	Әдістемелік нұсқаулар	-	-
	Әдістемелік ұсынымдар	4	295,75
	Әдістемелік құралдар	0	0
	Практикумдар	0	0

	Оқулықтар	3	1094,9
	Оқу құралдары	26	12286,5
	Оқу-әдістемелік құралдар	2	96,6
	Хрестоматия	1	159,57
<b>Нормативтік</b>	<b>Жиыны</b>	<b>13</b>	<b>2995,9</b>
<b>Анықтамалық</b>	<b>Жиыны</b>	<b>0</b>	<b>0</b>
<b>Көркем</b>	<b>Жиыны</b>	<b>5</b>	<b>103,88</b>
<b>Бланкілік</b>	<b>Жиыны</b>	<b>336</b>	<b>62770,20</b>
<b>ЖИЫНЫ</b>		<b>460</b>	<b>133050,78</b>



2019-2020 оқу жылымен салыстырғанда ғылыми әдебиеттер шығарылымының азаюы көптеген басылымдардың электронды форматта шығарылатындығына және материалдарды техникалық редакциялау университеттің баспасында жүзеге асырылатындығына байланысты. Бірақ, алдыңғы 2020-2022 оқу жылдарымен салыстырғанда ғылыми әдебиеттер шығару көлемі 40%-ға ұлғайды.

Жалпы, 2022-2023 оқу жылында 2021-2022 оқу жылымен салыстырғанда өндіріс көлемінің 17%-ға өсуі байқалады.



## ИЗДАТЕЛЬСТВО

В рамках издательской деятельности университета за отчетный год проведена большая работа по выпуску учебных и научных изданий, а также изготовлению дипломов для выпускников университета.



## 4 БІЛІМ БЕРУДІ ИНТЕРНАЦИОНАЛДАНДЫРУ

Университет қызметінің маңызды бағыттарының бірі - мынадай іс шараларды іске асыру арқылы университетті интернационалдандыру және сыртқы білім беру нарығына интеграциялау болып табылады:

Білім мен тәжірибе алмасу үшін басқа елдердің жетекші университеттерімен және ғылыми ұйымдарымен серіктестік және ынтымақтастық орнату

Шетелдік оқытушылар мен зерттеушілерді тарту (сабақ беру және бірлескен зерттеулер жүргізу үшін шетелдік сарапшыларды шақыру)

Халықаралық жобалар мен зерттеулерге қатысу

Студенттер мен оқытушыларды халықаралық ғылыми жобалар мен алмасу бағдарламаларына тарту

Оқуға шетелдік студенттерді тарту

Академик Е. А. Бөкетов атындағы Қарағанды университеті 150 шетелдік жоғары оқу орындарымен және ұйымдармен әріптестік қарым-қатынаста. 2022 жылдың қыркүйегі мен 2023 жылдың тамызы аралығында университет Ресей, Түркия, Өзбекстан, Венгрия, Словакия және т.б. елдердің жетекші жоғары оқу орындарымен ынтымақтастық туралы 16 жаңа шарт жасасты. Академик Е.А. Бөкетов атындағы Қарағанды университетінің серіктес – жоғары оқу орындары қатарында QSWUR рейтингінің ТОП-500, QSEECA рейтингінің ТОП-100 кіретін 10 шетелдік университет бар.

№	Жоғары оқу орыны атауы	Ел, қала	QS рейтингі
1	М.В. Ломоносов атындағы Мәскеу мемлекеттік университеті	Ресей, Мәскеу	87
2	Хериот-Уотт университетінің Эдинбург бизнес-мектебі	Шотландия, Эдинбург	302
3	Кароли Гаспар реформаттық университеті	Венгрия, Будапешт	351–400

Есепті жылы Бішкектегі «ЕҚЫҰ Академиясымен» ынтымақтастық туралы шарт және академиялық алмасу туралы келісім жасалды.



Сонымен қатар, келесі университеттермен Эрасмус академиялық алмасу бағдарламасын жүзеге асыру туралы екіжақты келісімдерге қол қойылды.

1	Салоникидегі Аристотель университеті	Грекия
2	Неаполь ЛОриентале университеті	Италия
3	Порту университеті	Португалия
4	Кастамону университеті	Түркия

Халықаралық ынтымақтастықтың негізгі бағыттарына қос диплом бағдарламалары, академиялық ұтқырлық, ПОҚ біліктілігін арттыру, ғылыми тағылымдамалар, докторантура білім алушыларының ғылыми жұмыстарына жетекшілік жасау, бірлескен ғылыми зерттеулер жүргізу, жарияланымдар, бірлескен іс-шаралар өткізу және т.б. кіреді. Университеттің Еуропалық Одақ елдері мен АҚШ елшіліктерімен ынтымақтастығы қарқынды дамып келеді. Елшіліктердің бастамасымен және қолдауымен 2022-2023 оқу жылында 7 шетелдік оқытушы университетте педагогикалық қызметті жүзеге асырды:

түрік тілінің оқытушылары	АсуманЭргюн, Чидем Бекар Курт;
француз тілінің оқытушысы	Матильда Гожон;
итальян тілінің оқытушылары	Елена Бонвишутто, Вирджиния Манкарелла;
ағылшын тілінің оқытушысы	Джулия Грэм;
поляк тілінің оқытушысы	Ивона Точек.


Низами атындағы Ташкент мемлекеттік педагогикалық университетінің базасында академик Е. А. Бөкетов атындағы Қарағанды университетінің филиалын құру бойынша келіссөздер жүргізіліп, жұмыстар атқарылуда. Алғашқы қадам «Шет тілі: екі шет тілі» қос дипломды бағдарламасының ашылуы болды.

Осылайша, университеттің серіктес ұйымдары санының көрсеткіші тұрақты өсуді көрсетеді, әлемдік рейтингтерге кіретін серіктес университеттер саны артып, олардың географиясы кеңеюде.

## Академиялық ұтқырлық





### Сыртқы академиялық ұтқырлық

Білім алушылардың академиялық ұтқырлығы келесілердің есебінен іске асырылады:



2022-2023 оқу жылында 14 студент республикалық бюджет қаражаты есебінен Еуропаның жоғары оқу орындарында оқыды.

Жалпы, сыртқы шығыс академиялық ұтқырлық бағдарламасы аясында 2022-2023 оқу жылында университеттің 194 студенті мынадай жоғары оқу орындарында оқыды:

№	Шет елдің атауы	Шетелдік университет атауы
1	Италия 	<ul style="list-style-type: none"> <li>Неаполь ЛОриентале университеті</li> </ul>
2	Литва 	<ul style="list-style-type: none"> <li>Витаутас Магнус университеті</li> </ul>
3	Польша Республикасы 	<ul style="list-style-type: none"> <li>Познаньдағы Адам Мицкевич университеті;</li> <li>Гданьск университеті;</li> <li>Катовицедегі Экономикалық университет</li> </ul>
4	Румыния 	<ul style="list-style-type: none"> <li>Бабеш-Боляй университеті</li> </ul>
5	Беларусь Республикасы	<ul style="list-style-type: none"> <li>Белорусь мемлекеттік университеті;</li> <li>М.Танк атындағы Беларусь мемлекеттік педагогикалық университеті</li> </ul>

№	Шет елдің атауы	Шетелдік университет атауы
		
6	Ресей Федерациясы 	<ul style="list-style-type: none"> <li>• Алтай мемлекеттік педагогикалық университеті;</li> <li>• И. Кант атындағы Балтық федералдық университеті;</li> <li>• Томск мемлекеттік педагогикалық университеті;</li> <li>• Томск мемлекеттік университеті;</li> <li>• Уральск мемлекеттік экономикалық университеті;</li> <li>• Уфа ғылым және технологиялар университеті</li> </ul>
7	Қытай 	<ul style="list-style-type: none"> <li>• Аньшань педагогикалық университеті</li> </ul>
8	Түркия 	<ul style="list-style-type: none"> <li>• Ататүрік университеті;</li> <li>• Кастамону университеті</li> </ul>
9	Өзбекстан 	<ul style="list-style-type: none"> <li>• Ташкент мемлекеттік көлік университеті;</li> <li>• Ташкент мемлекеттік экономикалық университеті;</li> <li>• Өзбекстан мемлекеттік әлем тілдері университеті</li> </ul>
10	Украина 	<ul style="list-style-type: none"> <li>• Мемлекеттік зияткерлік технологиялар және байланыс университеті</li> </ul>

Сонымен қатар, университет студенттері Еуропа елдерінің жоғары оқу орындарында оқуға стипендия алуға арналған конкурстарға белсенді қатысады. Мәселен, 2022-2023 оқу жылында Литва мен Словакия стипендиясын алу конкурсына қатысу үшін 20-дан астам өтінім берілді. Нәтижесінде шет тілдер факультетінің 4 студенті Ұлы Витаутас университетінде (Литва) ұтқырлық бағдарламасы аясында оқу үшін ай сайынғы 490 евро стипендиясымен Литва мемлекеттік стипендиясының иегерлері атанды.




Айта кету керек, әр елден келген студенттер үшін барлығы 35 грант бөлінді, оның 4-ін академик Е.А. Бөкетов атындағы Қарағанды университетінің студенттері алды.

Экономика факультетінің 1 студенті Братиславадағы (Словакия) Я. Коменский университетінде оқу үшін бір семестрге 2500 евро көлемінде Словакия Ұлттық стипендиясын алды.

Университетте *сыртқы кіріс* ұтқырлығы аясында 2022-2023 оқу жылында келесі университеттерден 84 студент білім алды:

№	Шет елдің атауы	Шетелдік университет атауы
1	Италия 	<ul style="list-style-type: none"> <li>Неаполь ЛОриентале университеті</li> </ul>
2	Ресей Федерациясы 	<ul style="list-style-type: none"> <li>Алтай мемлекеттік педагогикалық университеті</li> </ul>
3	Украина 	<ul style="list-style-type: none"> <li>Мемлекеттік зияткерлік технологиялар және байланыс университеті</li> </ul>
4	Өзбекстан 	<ul style="list-style-type: none"> <li>Ташкент мемлекеттік көлік университеті</li> </ul>

«Академик Е.А.Бөкетов атындағы Қарағанды университеті» КЕАҚ-тың 2020-2025 жылдарға арналған Стратегиялық даму жоспарының көрсеткіштерінің бірі жоғары оқу орны қаражаты есебінен қаржыландырылатын академиялық ұтқырлық шеңберінде оқитын студенттердің үлесі болып табылады. Осыған байланысты, 2022-2023 оқу жылында 52 білім алушыға Польша, Ресей, Беларусь және Түркия жоғары оқу орындарында оқу үшін университеттің бюджеттен тыс қаражаты есебінен қаржылық қолдау көрсетілді.



2023 жылдың сәуірінде Университет академиялық ұтқырлық бағдарламасына қатысушы елдердің географиясын кеңейтуге мүмкіндік беретін Азия-Тынық мұхиты аймағындағы халықаралық университеттік ұтқырлық қауымдастығына (UMAP) кірді. Академик Е.А. Бөкетов атындағы Қарағанды университеті осы қауымдастықта Қазақстанның атынан қатысатын үш жоғары оқу орнының бірі болып табылады.



*Ішкі* академиялық ұтқырлық бағдарламасы шеңберінде Академик Е.А.Бөкетов атындағы Қарағанды университеті ҚР жоғары оқу орындарымен ынтымақтасады және есепті кезеңде Қазақстанның әртүрлі жоғары оқу орындарына 309 білім алушыны жіберді, олардың ішінде жетекші ұлттық жоғары оқу орындары: Әл-Фараби атындағы Қазақ ұлттық университеті, Абай атындағы Қазақ ұлттық педагогикалық университеті, Қазақ ұлттық қыздар педагогикалық университеті, М.С. Нәрікбаев атындағы КАЗГЮУ.

*Ішкі* академиялық ұтқырлық бағдарламасы аясында біздің университет Қазақстан Республикасының 15 жоғары оқу орнынан 291 студент қабылдады.

Университеттің профессор-оқытушылар құрамы да академиялық ұтқырлық бағдарламасына белсенді қатысады. 2022-2023 оқу жылында академиялық ұтқырлық шеңберінде университеттің профессор-

оқытушылар құрамы Әбілқас Сағынов атындағы Қарағанды техникалық университетімен, Х.Досмұхамедов атындағы Атырау университетімен, сондай-ақ Қорқыт Ата атындағы Қызылорда мемлекеттік университетімен өзара алмасуды жүзеге асырды. Ішкі академиялық ұтқырлық Қазақстанның 52 жоғары оқу орнымен жүзеге асырылады.

Күнтізбелік жыл	Ішкі академиялық ұтқырлық	
	шығыс	кіріс
2022–2023	309	291
2021–2022	227	285
2020–2021	108	134
2019–2020	105	125
2018–2019	57	56
2017–2018	4	40



### **Университет профессор-оқытушылар құрамының халықаралық жобаларға қатысуы**

Қазіргі уақытта Академик Е.А. Бөкетов атындағы Қарағанды университетінде халықаралық қорлар мен ұйымдар қаржыландыратын жобаларды іске асыру жүзеге асырылуда. Халықаралық жобаларды іске асыруға физика-техникалық, экономикалық, тарих, химия факультеттері, сондай-ақ ма-

тематика және ақпараттық технологиялар, шет тілдері факультеттері белсенді қатысады.

2022-2023 оқу жылында 8 халықаралық жоба іске асырылды:

- **6 ғылыми жоба** Орта Азиядағы білім беру және гуманитарлық коммуникация саласындағы зерттеулер бойынша Шихэцзы университетімен (ҚХР) бірлесіп;

- **2 жоба** Эразмус+ бағдарламасы аясында:

- ENTER— Инженерлік бейіндегі бағдарламалар оқытушыларын педагогикалық даярлау;

- KazDUAL— Қазақстанда дуалды жүйені енгізу.

### Қос дипломды және бірлескен білім беру бағдарламаларын іске асыру

Есепті кезеңде университетте 2 қос дипломды бағдарлама және 3 бірлескен білім беру бағдарламасы іске асырылды.

Қос дипломды бағдарламалар саны	Қос дипломды бағдарламалар бойынша білім алушылар саны	Қос дипломды бағдарламалар жүзеге асырылатын жоғары оқу орындарының тізбесі	Бірлескен білім беру бағдарламаларының саны	Бірлескен білім беру бағдарламалары бойынша білім алушылар саны	Бірлескен білім беру бағдарламалары жүзеге асырылатын жоғары оқу орындарының тізбесі (елді көрсете отырып)
2	5	1. М.В. Ломоносов атындағы Мәскеу мемлекеттік университеті	3	2	Business School of Heriot-Watt University
	10	2. Низами атындағы Ташкент мемлекеттік педагогикалық университеті		10	Қожа Ахмет Яссауи атындағы Халықаралық қазақ-түрік университеті
				2	Томск мемлекеттік политехникалық университеті

### Шетелдік мамандарды тарту

Шетелдік ғалымдарды шақыру бағдарламасы аясында Академик Е.А.Бөкетов атындағы Қарағанды университеті АҚШ, Финляндия, Польша,


Венгрия, Греция, Ресей Федерациясы, Түркия, Қырғызстан және т. б. елдерден мамандар қабылдады.

2023 оқу жылында жақын және алыс шетелдерден 30 шетелдік ғалым шақырылды:

- 3, республикалық бюджет есебінен қаржыландырылған;
- 20, жоғары оқу орыны қаражаты есебінен қаржыландырылған;
- 5, өзге қаражат есебінен қаржыландырылған.

Шетелдік мамандарды тарту Эразмус бағдарламасы бойынша академиялық алмасу аясында да жүзеге асырылды. Мәселен, 2023 жылы тарих факультетіне Порту университетінің (Португалия) профессоры Масиэль Сантос дәрістер курсымен келді, Порту университетінің (Португалия) профессоры Бруно Марко тәжірибе алмасу үшін университеттің әкімшілік блогында болды.

Қонақ дәрістер	2022 ж.	2023 ж.
Республикалық бюджет қаражаты есебінен	5	3
Университет қаражаты есебінен	16	20
Өзге де қаражат (өтеусіз негізде)	5	5
Erasmus K1	1	2
<b>Жиыны</b>	<b>27</b>	<b>30</b>





## 5 АҚПАРАТТЫҚ-ТЕХНИКАЛЫҚ ҚАМТАМАСЫЗ ЕТУ. КІТАПХАНА РЕСУРСТАРЫН ДАМУ

Есепті кезеңде ақпараттық технологиялар және телекоммуникациялар орталығының қызметі мына бағыттар бойынша жүзеге асырылды:

- 1) техникалық қамтамасыз ету;
- 2) Бағдарламалық қамтылымды әзірлеу және сатып алу;
- 3) университеттің IT-инфрақұрылымын дамыту;
- 4) монтаждау және жөндеу-қалпына келтіру жұмыстары;
- 5) серверлік инфрақұрылымды дамыту.

Университеттің факультеттерімен және құрылымдық бөлімшелерімен жұмыс барысында университеттің оқу және бизнес-процестерін қамтамасыз ету үшін қажетті келесідей компьютерлік және мультимедиялық құралдардың тізбесі келісілді:

Жабдық түрі	Құны, млн тг
Компьютерлер	16
Интерактивті тақталар	0,8
Жиыны	16,8

Ағымдағы жылы компьютерлік техника мен интерактивті жабдықты сатып алуға қаржыландыру көлемі 16,8 млн теңгені құрады.

Есепті кезеңде университеттің бизнес-процестерін автоматтандыру үшін бағдарламалық қамтылымды әзірлеу және жаңарту жүргізілді: тәуекел-менеджмент, баспахана басылымдарын есепке алу, оқытушылардың конкурстық және аттестаттау рәсімдері, түлектерге арналған транскриптер мен дипломдарды басып шығару, студенттермен қосымша келісімдерге қол қою, «Платонус» АЖ пайдаланушыларын университеттің Active Directory серверімен синхрондау.

Университетте оқу процесін қамтамасыз ету үшін бағдарламалық қамтылым сатып алынды.

№	Бағдарламалық қамтылым	Қаржыландыру көлемі, млн тг
1	Office 365	7,5
2	Dr. Web	3,7
3	«Платонус» АЖ техникалық қолдау	8
4	Documentolog	2
Жиыны		21,2

---

Қаржылық шығындар көлемі 21,2 млн теңгені құрады. Лицензияланған бағдарламалық қамтылым қызметкерлердің, оқытушылардың жұмысын автоматтандыруға және ақпараттық қауіпсіздік деңгейін арттыруға мүмкіндік береді.

Университетті цифрландыру мақсаттарының бірі кампуста болу сапасын, сондай-ақ студенттер мен қызметкерлердің қауіпсіздігін арттыруға бағытталған инфрақұрылымды дамыту болып табылады. Есепті кезеңде № 9 және № 11 оқу корпустарына кіруді бақылау және басқару жүйесін орнату бойынша жұмыстар жүргізілді. Сондай-ақ, университет бойынша бейнебақылау камераларының саны 524 данаға артты.

Университет студенттердің оқу уақытынан тыс уақытта кампуста болуына ерекше назар аударады. Цифрландырудың жол картасы аясында Студенттер үйлерінде қолайлы оқу және демалыс ортасын құру үшін инфрақұрылымдық жұмыстар жүргізілуде. 2022 жылғы желтоқсанда № 1 және № 2 студенттердің үйлерін Wi-Fi желісін толық қамтумен қамтамасыз ету бойынша жұмыстар жүргізілді. Жобаны іске асыруға жұмсалған қаржы шығындарының көлемі 34,1 млн теңгені құрады. Қазіргі уақытта № 3 және № 4 жатақханаларда жұмыстар жүргізілуде.

Корпоративтік желінің сапалы жұмысы үшін талшықты-оптикалық желіні қашықтағы корпустарға дейін тарту жұмыстары жүргізілуде. Жоба құны 26,5 млн теңгені құрайды.

Бұл салымдар ұзақ мерзімді болып табылады және университеттің ақпараттық-цифрлық ресурстарының жұмыс істеуі үшін сенімді негіз болады және бүкіл инфрақұрылымның ақауларға төзімділікті арттырады.

Цифрландыру шығыстарының динамикасы:

- 2020-2021 оқу жылында 126,3 млн теңге жұмсалды;
- 2021-2022 жылдары цифрландыруға жұмсалған шығындар ұлғайып, 284,7 млн теңгені құрады;
- 2022-2023 жылдары цифрландыруға жұмсалған шығындар 149,1 млн теңгені құрады.

Университет білім алушылары мен оқытушыларының әдістемелік және ғылыми жетістіктерін дәріптеу мақсатында репозиторий қорын ұлғайту және репозиторий деректерінің отандық және халықаралық білім беру және ғылыми желілерде қолжетімділігін қамтамасыз ету бойынша жұмыс жалғасуда.

*Факультеттер бөлінісінде әдебиеттер сатып алу*

Факультет	Саны	Сомасы
Экономика	438	4721185
Заң	161	1319408
Шет тілдер	252	3660251
Тарих	213	1501598,6
Филология	315	2750874
Философия және психология	225	1815742
Биология-география	261	2090697
Педагогика	184	1212825
Физика-техникалық	192	1732825
Математика және ақпараттық технологиялар	227	1583912
Химия	167	1560077
Дене шынықтыру және спорт	152	1396903
Жиыны	2787	25 346297

Жыл сайын кітапханаға 25 мың дана кітап пен журнал түседі. Есепті кезеңде жалпы сомасы 25 346 297 теңгеге 2 787 дана кітап сатып алынды.

Кітапхана қорын қалыптастыру университеттің профессор-оқытушылар құрамымен бірлесіп жүзеге асырылды. 2023 жылғы 1 қыркүйектегі жағдай бойынша кітапхана қорының көлемі 1 809 181 дананы құрады, оның ішінде:

- оқу әдебиеті - 989 247;
- ғылыми - 530 653;
- көркем әдебиет - 90 389.

Мерзімді басылымдарға жазылу 12 788 976 теңге сомасына 749 дананы құрады.

2022-2023 оқу жылында университеттің стратегиялық жоспарына сәйкес басшылық оқу кітапханаларын кезең-кезеңімен жаңғырту туралы шешім қабылдады. Жаңғырту жобасы биология-география және тарих факультеттерінің оқу кітапханаларынан басталды. Кітапханаларды жаңғырту заманауи цифрлық технологияларды пайдалана отырып, студенттер үшін қолайлы жағдайларды ұйымдастыруды қамтиды. Кітапханаларда жобалық және топтық жұмыстарға, түрлі іс-шараларды өткізуге арналған орындар жабдықталған.

Магистранттардың, докторанттар мен оқытушылардың жұмысына арналған зал, сондай-ақ коворкинг орталығы мен сирек кітаптар қорына арналған аймақ ұйымдастырылды.

---


*Биология-география факультетінің оқу кітапханасы*




*Оқу залы*



*Коворкинг орталық*



***Ғылыми қызметкер залы***



***Жайлылық бұрышы***



***Өзіне-өзі қызмет көрсету станциясы***



---

*Тарих факультетінің оқу кітапханасы*



*Оқу залы*





*Коворкинг орталық*



*Сирек кітаптар қоры*

Білім беру процесін кітапханалық-ақпараттық қолдау мақсатында республикалық жоғары оқу орындары аралық электрондық кітапхананың (РЖЭК), «Параграф» АЖ, E-library(ПУНЭБ), Scopus, Clarivate Analytics,Wiley ресурстарына толық мәтінді қолжетімділік қамтамасыз етіледі.

---

## 6 ТӘРБИЕ ЖҰМЫСЫ

Тәрбие жұмысы — бұл ұжым жұмысының түпкілікті нәтижесі-біздің еліміздің игілігі үшін жұмыс істеуге дайын жетілген тұлғаны, маманды қалыптастыру арқылы табысты іске асыруға байланысты қызмет бағыты.

Осы бағдарлама негізінде есепті кезеңде университетте патриотизмді, толеранттылықты, салауатты өмір салтын қалыптастыруға, студенттердің зияткерлік және рухани әлеуетін дамытуға бағытталған 150-ден астам іс-шаралар өткізілді.





---

Бұл іс-шараларға 7000-нан астам студент қатысты. Студенттердің университеттің қоғамдық, мәдени және спорттық өміріне қатысу нәтижелері, шығармашылық конкурстардағы жетістіктер, спорттық жа-рыстар, зияткерлік ойындар, сондай-ақ әлеуметтік жағынан осал студенттерді қолдауға 10 миллион теңгеден астам қаражат бөлінді.



Биылғы жылы үлкен-үлкен іс-шаралар өткізілді, мысалы:

- Республиканың түкпір-түкпірінен 15 университет қатысқан республикалық дебат турнирі;
- білім алушылар мен университет әкімшілігі арасында кері байланыс орнату, сондай-ақ оқу процесі, тәрбие жұмысы туралы ақпарат беру мақсатында «Buketov University» Telegram-арнасы іске қосылды;
- «Жаныңда жүр жақсы адам» танымдық жобасы;
- «BIR TOLQYNDA» жас көшбасшылар форумы. Форумның мақсаты- университеттер арасындағы қарым-қатынасты нығайту, тәжірибе алмасу, жаңа жобалар мен іс-шараларды жоспарлау. Іс-шараға облыстың 6 жоғары оқу орнының студенттері, университетіміздің белгілі түлегі, «GPARK» құрылыс компаниясының негізін қалаушы, бас директор Сатмағамбетов Ғабит Хакімұлы, Қарағанды облысының жастар саясаты мәселелері жөніндегі басқараның басшысы, Таран Рауан Азаматұлы, «Азамат» қоғамдық бірлестігінің төрағасы және 2019 жылғы әлеуметтік сала бойынша үздік волонтер Рахымбек Дәурен Берікбайұлы қатысты;

- "РУХАНИ KZ" жастар-ағарту жобасы. Жоба нәтижелері бойынша студенттер мен профессор-оқытушылар құрамы Қарағанды-Ақтоғай-Балқаш, Қарағанды-Павлодар-Баянауыл, Қарағанды-Ұлытау-Жезқазған сияқты бағыттар бойынша киелі орындарға барды. Жобаны іске асыру 2024 жылға дейін жалғасады.



Университетте «Студенттер үйлерінде» тәрбие жұмысын ұйымдастыруға ерекше көңіл бөлінеді. Студенттер сабаққа дайындалуға, бос уақыттарын мазмұнды өткізуге, денсаулықтарын нығайтуға барлық мүмкіндіктерге ие.

2022-2023 оқу жылында 2676 орындық 7 «Студенттер үйі» жұмыс істеді. Өтіп бара жатқан жылда онда 2045 студент тұрды. Университетте орын тапшылығы байқалған жоқ.







«Академик Е.А. Бөкетов атындағы Қарағанды университеті» КЕАҚ-та әлеуметтік қорғау, академиялық үлгерімді ынталандыру және жетім студенттер мен ата-анасының қамқорлығынсыз қалған студенттерге материалдық қолдау көрсету мақсатында әлеуметтік көмек көрсетіледі. Мұндай студенттер «Студенттер үйінде» тегін тұрады.

## 7 ӘКІМШІЛІК-ШАРУАШЫЛЫҚ ҚЫЗМЕТ

### Қаржылық-шаруашылық қызмет

2022 жылға көзделген университеттің **кірістері** 9 млрд 129 млн 401 мың теңгеге (жоспарға 100,9%), **шығыстар** тиісінше 9 млрд 080 млн 218 мың теңгеге (99,7%) орындалды.

Алдыңғы, 2021 жылмен салыстырғанда Қоғамның кірістері мен шығыстары бойынша оң динамика байқалады (өсім 128%-дан жоғары).

**2020-2023 жж. кезеңіндегі КІРІСТЕР, ШЫҒЫСТАР, ТАЗА ПАЙДА**

№ п/п	Наименование показателей	Ед.изм.	2020 год факт	2021 год факт	2022 год факт	2023 год план	% исполнения 2022 года		
							к 2020 году	к 2021 году	к плану 2023 года
1	2	3	4	5	6	7	8	9	10
<b>1</b>	<b>Доходы, всего</b>		<b>5 889 913,00</b>	<b>7 167 524,00</b>	<b>9 208 195,00</b>	<b>10 376 555,00</b>	<b>156,34</b>	<b>128,47</b>	<b>88,74</b>
<i>в том числе</i>									
<b>1.1</b>	<b>Услуги по подготовке специалистов с высшим и послевузовским образованием, всего</b>		<b>5 357 308,00</b>	<b>6 563 934,00</b>	<b>7 887 267,00</b>	<b>8 872 293,00</b>	<b>147,22</b>	<b>120,16</b>	<b>88,90</b>
<i>в том числе</i>									
1.1.1	за счет республиканского бюджета		2 861 872,00	3 826 137,00	4 812 321,00	5 230 374,00	168,15	125,77	92,01
1.1.2	на платной основе		2 495 436,00	2 737 797,00	3 074 946,00	3 641 919,00	123,22	112,31	84,43
<b>1.2</b>	<b>Научно-исследовательские работы</b>		<b>418 554,00</b>	<b>429 781,00</b>	<b>710 114,00</b>	<b>820 500,00</b>	<b>169,66</b>	<b>165,23</b>	<b>86,55</b>
<b>1.3</b>	<b>Прочие доходы</b>		<b>114 051,00</b>	<b>173 809,00</b>	<b>610 814,00</b>	<b>683 762,00</b>	<b>535,56</b>	<b>351,43</b>	<b>89,33</b>
<b>2</b>	<b>Расходы, всего</b>		<b>5 666 200,00</b>	<b>7 031 364,00</b>	<b>9 080 218,00</b>	<b>10 333 990,00</b>	<b>160,25</b>	<b>129,14</b>	<b>87,87</b>
<i>в том числе</i>									
<b>2.1</b>	<b>Фонд оплаты труда, всего</b>		<b>3 677 874,00</b>	<b>4 735 078,00</b>	<b>6 171 478,00</b>	<b>6 873 319,00</b>	<b>167,80</b>	<b>130,34</b>	<b>89,79</b>
<i>в том числе</i>									
2.1.1	работников, занятых в производстве продукции основного производства	тыс. тенге	2 527 088,00	3 536 796,00	4 373 552,00	4 848 853,00	173,07	123,66	90,20
2.1.2	работников, занятых в производстве продукции вспомогательного производства		45 102,00	63 620,00	84 349,00	105 756,00	187,02	132,58	79,76
2.1.3	административного персонала		287 932,00	310 028,00	414 752,00	488 720,00	144,05	133,78	84,86
2.1.4	прочих работников		817 752,00	824 634,00	1 298 825,00	1 429 990,00	158,83	157,50	90,83
<b>2.2</b>	<b>Приобретения, всего</b>		<b>1 505 936,81</b>	<b>1 948 971,91</b>	<b>1 966 380,57</b>	<b>2 679 357,81</b>	<b>130,58</b>	<b>100,89</b>	<b>73,39</b>
<i>в том числе</i>									
2.2.1	Инвестиционные проекты и программы		22 785,90	106 188,25	40 175,00	944 919,83	176,32	37,83	4,25
2.2.2	Основные средства		434 926,25	555 473,65	574 510,51	241 899,43	132,09	103,43	237,50
2.2.3	Нематериальные активы (программное обеспечение)		13 265,00	15 306,50	9 041,00	35 707,00	68,16	59,07	25,32
2.2.4	Запасы (стройматериалы, сантехника, электротовары, канцтовары, ГСМ, хоз.товары и пр.)		298 297,10	297 220,31	493 796,25	603 055,42	165,54	166,14	81,88
2.2.5	Работы/услуги		736 662,56	974 783,20	848 857,81	853 776,13	115,23	87,08	99,42
<b>2.3</b>	<b>Прочие расходы</b>		<b>482 389,19</b>	<b>347 314,09</b>	<b>942 359,43</b>	<b>781 313,19</b>	<b>195,35</b>	<b>271,33</b>	<b>120,61</b>
<b>3</b>	<b>Финансовый результат (прибыль, нераспределенный доход/убыток)</b>		<b>223 713,00</b>	<b>136 160,00</b>	<b>127 977,00</b>	<b>42 565,00</b>	<b>57,21</b>	<b>93,99</b>	<b>300,66</b>
<b>4</b>	<b>Численность, в том числе:</b>								
4.1.	по штату	чел.	1 992,50	2 161,00	2 308,00	2 308,00	<b>115,83</b>	<b>106,80</b>	<b>100,00</b>
4.2.	среднесписочная		1 655,00	1 963,00	1 989,00	1 813,00	<b>120,18</b>	<b>101,32</b>	<b>109,71</b>

**Еңбекақы төлеу қоры** 1 млрд 436 млн 400 мың теңгеге немесе 130,3%-ға ұлғайды, бұл ретте негізгі өсім ПОҚ бойынша — 123,7%, көмекші персонал бойынша — 132,6% қамтамасыз етілді.

Соңғы 5 жылда (2017-2023 жж.) персоналдың штат санының 8%-ға немесе 173 бірлікке ұлғаюымен (штат саны 2017 ж. — 2135 бірлік, 2022 ж. — 2308 бірлік), еңбекақы төлеу қоры 228%-ға немесе 2,5 еседен астам өсті (ФОТ2017ж. - 2819 млн теңге, 2022ж. - 6440 млн теңге).

Қордың мұндай ұлғаюы қызметкерлердің орташа айлық жалақысының 115 мың теңгеден 258 мың теңгеге дейін өсуіне байланысты, оның ішінде ПОҚ жалақысы 155 мың теңгеден 329 мың теңгеге дейін (212%) немесе 2 еседен астам өсті.

**Қоғамның жалпы табысы** 242 млн 909 мың теңгені құрады, жоспар бойынша 220 млн 325,5 мың теңге.

**Қоғамның жалпы кірісі** 220 млн 325,5 мың теңге жоспарында 242 млн 909 мың теңгені құрады.

Есепті жылдың **пайдасы** 22 млн 117 мың теңге жоспарында 127 млн 977 мың теңге сомасында алынды.

«Академик Е.А. Бөкетов атындағы Қарағанды университеті» КЕАҚ құрылымында 10 оқу корпусы, 7 Студенттер үйі, қала сыртындағы практика базалары, баспа, әлеуметтік және мәдени мақсаттағы объектілер (Студенттер сарайы, спорт ғимараттары, спорттық-сауықтыру кешені, денсаулық сақтау пункті, емхана, асханалар мен буфеттер) бар.

Университет жыл сайын материалдық-техникалық базаны заманауи жабдықтармен, компьютерлік техникамен, жиһазбен және басқа да негізгі құралдармен жаңартып, толықтырып отырады, сондай-ақ корпустарды, Студенттердің үйлерін жөндеуді, аумақты абаттандыру мен көгалдандыруды және т. б. жүргізеді.

ӘШД қызметкерлері мен мердігерлік ұйымдар жөндеу жұмыстарының жоспары бойынша және әртүрлі бөлімшелер мен бөлімдердің ұсыныстарына сәйкес есепті кезеңде мынадай жұмыс түрлерін орындады:

#### **Текущий ремонт помещений под Coworking центр в учебном корпусе № 2.**

До ремонта

После ремонта



№ 2 оқу корпусында жылытуды қоса алғанда, электрлі-трононтаждық және сантехникалық жұмыстардың толық циклы бар үй-жайларды безендіре отырып, Coworking орталығын ашу үшін үй-жайларға ағымдағы жөндеу жүргізілді.



**Текущий ремонт помещений библиотеки в учебном корпусе № 4.**

До ремонта

После ремонта




№ 4 оқу корпусында жылытуды қоса алғанда, электр монтаждау және сантехникалық жұмыстардың толық циклі бар үй-жайларды безендіре отырып, кітапхана үй-жайларына ағымдағы жөндеу жүргізілді.

**Текущий ремонт помещений для архива, фойе и коридора 1 этажа, текущий ремонт учебных аудиторий и сан.узлов 3 этажа в учебном корпусе № 4.**

До ремонта

После ремонта



№ 4 оқу корпусында мұрағатқа, фойеге және 1-қабаттың дәлізіне арналған 1-қабаттың үй-жайларына ағымдағы жөндеу, жылытуды қоса алғанда, электр монтаждау және сантехникалық жұмыстардың толық циклы бар үй-жайларды безендіре отырып, 3-қабаттың оқу аудиториялары мен санитарлық тораптарына ағымдағы жөндеу жүргізілді.

№ 6 оқу корпусында жылытуды қоса алғанда, электромонтаждық және сантехникалық жұмыстардың толық циклы бар үй-жайларды безендіре отырып, 1-қабаттың оқу зертханалары мен дәліздеріне ағымдағы жөндеу жүргізілді.



**Текущий ремонт помещений лабораторий и коридоров 1 этажа в учебном корпусе № 6.**

До ремонта

После ремонта



№ 8 оқу корпусында «Balausa» шығармашылық орталығына жылытуды қоса алғанда, электр монтаждау және сантехникалық жұмыстардың толық циклы бар үй-жайларды әрлей отырып ағымдағы жөндеу жүргізілді.

**Текущий ремонт творческого центра «Balausa» в учебном корпусе № 8.**



**Устройство Автостоянки на территории учебного корпуса № 3.**



**Текущий ремонт асфальтового покрытия плаца на территории учебного корпуса № 4.**




**Устройство автостоянки на территории учебного корпуса № 9.**



**Текущий ремонт помещений под Coworking центр в учебном корпусе № 11.**

До ремонта

После ремонта




№ 11 оқу корпусында жылытуды қоса алғанда, электрмен монтаждау және сантехникалық жұмыстардың толық циклы бар үй-жайларды безендіре отырып, Coworking орталығының ашылуына арналған үй-жайларға ағымдағы жөндеу жүргізілді.



**Текущий ремонт жилых, бытовых помещений, сан.узлов и восстановление душевых кабин в Доме студентов № 2 со 2 по 9 этажи.**

До ремонта

После ремонта



№ 2 Студенттер үйінде 2-ден 9-қабатқа дейінгі «А» және «Б» блоктарында тұрғын үй, тұрмыстық, санитарлық тораптарға ағымдағы жөндеу және себезгі кабиналарын қалпына келтіру жұмыстары жүргізілді. Жылытуды қоса алғанда, электр және сантехникалық жұмыстардың толық циклы бар үй-жайларға әрлеу жұмыстары жүргізілді.

**Капитальный ремонт «Б» блока с восстановлением душевых кабин в Доме студентов № 4 со 2 по 9 этажи.**

До ремонта

После ремонта



№ 4 Студенттер үйінде «Б» блогында тұрғын үй, тұрмыстық үй-жайларға, санитарлық тораптарға күрделі жөндеу және 2-ден 9-қабатқа дейінгі себезгі кабиналарын қалпына келтіру жүргізілді. Үй-жайларды әрлеу, линолеум ауыстыру, жылытуды қоса алғанда, электр монтаждау және сантехникалық жұмыстардың толық циклімен құйылатын еден құрылғысы жүргізілді.

### Текущий ремонт общежития с 1 по 4 этажи на зоне отдыха в п. Топар.

До ремонта

После ремонта



Топар кентіндегі жатақханада тұрғын үй, тұрмыстық үй-жайларға, санитарлық тораптарға күрделі жөндеу және 1-ден 4-қабатқа дейінгі себезгі кабиналарын қалпына келтіру жұмыстары жүргізілді. Үй-жайларды әрлеу, линолеум ауыстыру, жылытуды қоса алғанда, электр монтаждау және сантехникалық жұмыстардың толық циклімен құйылатын еден құрылғысы жүргізілді.

Осылайша, 2022-2023 жылдары мердігер ұйымдармен жөндеу жұмыстарын жүргізуге ҚҚС есебімен 99 099 268,48 теңге сомасына қаржыландыру бөлінді, өз кезегінде университет қызметкерлерінің күшімен жүргізілген жөндеу жұмыстарына (ӘШД: КҚжәнеЖБ, АЖС бригадалары, ағаш шеберлері, сантехниктер мен электриктер) 120 223 686,09 теңге бөлінді.

Ағымдағы жылдың 1 қыркүйегіндегі жағдай бойынша Мұқанов көшесі, 1-құрылыс бойында орналасқан № 5 және № 6 Студенттер үйлері қалалық орталық жылытуға қосылды, бұл № 2 Автономды жылыту станциясының жүктемесін айтарлықтай төмендетеді.



**Проект теплицы и благоустройство территории. Работы на стадии завершения.**



«Жылыжай құрылысы және «Академик Е.А. Бөкетов атындағы Қарағанды университеті» КЕАҚ аумағын абаттандыру» жобасын іске асыру бойынша жұмыстар аяқталуда. Жобаны іске асыру құны ҚҚС есебінсіз 196 797 401 теңгені құрады.

**Эскизный проект общежития для студентов на 500 мест и благоустройство территории. Начато строительство.**



«Аманат» партиясының жоспарына сәйкес Қазақстан Республикасында 2025 жылға қарай жатақханада 50 000 орынды пайдалануға беру жоспарлануда. Осыған байланысты университетте 500 орындық жатақхананың құрылысы басталды. ҚР Қаржы министрлігінің Қазынашылық комитеті жұмыстарды сатып алу бойынша конкурстық рәсім өткізді. Байқау жеңімпазы болып «ОЛИВИЯ» ЖШС мердігерлік ұйымы анықталды. ҚҚС есебінсіз шарт бойынша жобаны іске асыру сомасы — 1 585 314 851 теңге. Студенттер үшін пайдалануға беру мерзімі - 2024 жыл.



---

**Продолжаются работы по строительству здания «Технопарка» (вид здания по проекту).**



Технопарк ғимаратының құрылысы бойынша жұмыстар жалғасуда («Самға» ЖШС мердігерлік ұйымынан түскен «Академик Е.А. Бөкетов атындағы Қарағанды мемлекеттік университеті» ШЖҚ РМК технопарк ғимаратының құрылысы» жобасының құнын ұлғайту туралы талап-арыз бойынша сот талқылаулары жүргізілгеннен кейін, ҚҚС-сыз бұрын жасалған шарттың бағасы бойынша жобаны іске асыруды жалғастыру туралы шешім қабылданды).

**Басқарма Төрағасы – Ректор  
ҚР ҰҒА корр.-мүшесі,  
заң ғыл. докторы, профессор**

**Н.О. Дулатбеков**